

ҚАЯСАҢ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРК УНИВЕРСИТЕТІ

Медицина факультеті

Наркологиялық

тәжірибедегі интеркуррентті
инфекциялар.

Қабылдаған: Шалапов Д

Дайындаған: Нармаханова Ұ

Тобы: ЖМ-514



Жұмыстың мақсаты мен міндеті

*Интеркуррентті
инфекцияларды дер
кезінде анықтап, оларға
профилактикалық
шараларды
ұйымдастыру.*



Жоспары :



❖ Кіріспе

Интеркуррентті инфекциялар жайлы түсінік

❖ Негізгі бөлім

Интеркуррентті инфекциялар тудыратын аурулар

Наркологиялық науқастардағы ерекшеліктері


❖ Статистикалық мәліметтер

❖ Қорытынды бөлім

❖ Пайдаланылған әдебиеттер



Интеркуррентті инфекциялар :



Интеркуррентті аурулар (от лат. *intercurrens*, *-ntis* — бегущий между, вмешивающийся) — бұл науқастың негізгі ауруына немесе бұрыннан ілесіп келе жатқан созылмалы ауруына кенеттен келіп қосылатын, интеркуррентті инфекциялар арқылы шақырылатын аурулар реті болып табылады.



Интеркуррентті инфекциялардың салдарынан организмде жедел ағымдағы қабыну аурулары туындайды. Бұл көбіне науқастың ілеспелі ауруларына қосарланады. Практикада жиі кездесетін интеркурренті ауларға бұл жедел инфекциялық қабыну аурулары жатады. Мысалы: науқаста бронхиальды астма байқалады бұған қосымша ЖРВИ мен ауыруы байқалуы мүмкін. Бұл сол интеркуррентті ауру болып табылады.





Дегенмен интеркуррентті ауруларды созылмалы аурулардың асқынуы ретінде қарастыруға болмайды. Себебі интеркуррентті аурулардың өзіндік этиологиясы болады. Яғни науқаста байқалатын екі созылмалы аурудың бірі міндетті түрде жедел ағымда өтуі тиіс. Ал сол жедел ағымдағы ауру осы интеркуррентті ауру болып табылады. Диагноз қою барысында интеркуррентті ауру науқастың негізгі ауруы болуы немесе қосымша ауру түрінде көрініс бере береді.






Ал наркологиялық науқастарда кездесетін интеркуррентті аурулардың түрлері қандай?

Наркологиялық науқастардың барлығында дерлік тыныс жолдарының(жедел бронхит,ЖРВИ, пневмония, туберкулез,эмфизема т.б.),ас қорыту жолдарының(гастрит,гепатит,панкреатит),жүрек қан тамыр жүйесі аурулары(кардиомиопатиялар, миокардиттер,СПИД),зәр шығару жүйесі аурулары (пиелонефрит,бүйрек шамасыздығы),ОЖЖ аурулары (менингит,энцефалит),іріңді инфекциялы тері аурулары(флегмона,фрункул,)жыныс ағзаларының аурулары (мерез,ВИЧ) жиі кездеседі.



Этиологиясы:



1. Ағзаның иммунитет нашарлауынан резистенттіліктің төмендеуі;



2. Жеке бас, тұрмыстық гигиенаның дұрыс сақталмауы;



3. Қосымша соматикалық аурулардың уақтылы емделмеуі, асқынулары





Есірткілер және олардың организмге әсері

Есірткілер адам психикасын толығымен өзгертіп, өмірге көзқарастарын және мінез-құлықтарын әр түрлі бұзылыстарға әкеліп депрессияға бейім қылады. Нақты әсерлері қабылдаған есірткі түріне байланысты болады, өйткені кейбірі - орталық жүйке жүйесінің жұмысын тежесе, екіншілері - қоздырады, үшіншілері галлюцинацияларға әкеледі. Организмге әсері тікелей есірткі қабылдауы және оның әсері, және кейінгі - бас-миының зақымдануына байланысты болып бөлінеді.





Есірткі қабылдау физикалық нашарлауға да соқтырады. Көп қабылдағандарда жүрек, бауыр, бүйрек, өкпе, ми және басқа да органдар қайтымсыз өзгерістерге ұшырайды. Нашақорлардың тамақ ішуі нашарлайды, жиі тұмаулағыш, суық тигіш келедң. Асқазан, ішек, ауыз қуысы, тері, несеп-жыныс жүйесі аурулары жиі кездеседі. Есірткіні тамыр арқылы қабылдағанда берілетін инфекцияны, есірткілік масаң күйде алатын әр түрлі өндірістік, тұрмыстық, жол жарақаттарын да естен шығаруға болмайды. Есірткіге байланысты аурулар саны өте көп, сондықтан негізгілеріне тоқталамыз.





Гепатиттер

Вирусты гепатит - бауырдың инфекциялық қабынуы. Көп жағдайда гепатит В және С есірткіні инъекция арқылы қабылдайтындарда жиі кездеседі. Нашақорларда иммунитеті төмен болатындықтан В, С, Д гепатиттерін жұқтыру қаупі өте жоғары. Нашақорлардан гепатит В жыныстық жолмен де жиі жұғады. Гепатит Д көбінесе гепатит В-мен қабаттасып жүреді, бірақ аз кездеседі. Барлық гепатиттердің қауіптілігі созылмалығында, нашақорларда іс жүзінде солай болады да. Созылмалы гепатит бауырды зақымдап циррозға және қатерлі ісікке алып келеді. Инъекция арқылы қабылдайтын нашақорлардың тең жартысында гепатиттер кездеседі.





ВИЧ және СПИД

Гепатит сияқты ВИЧ пен СПИД қан арқылы берілетін ауру. Әрине ВИЧ жұқтыру үшін гепатитке қарағанда зақымданған қан мөлшері көбірек болуы керек.

Ағзаға түскен ВИЧ иммундық жүйе жасушаларын жояды, одан нашақорлар СПИД-пен ауырып кез-келген инфекцияға төтеп бере алмайтын жағдайға жетеді, анық нәтижесі өлімге әкеледі.





Сепсис

Лас есірткіні егу немесе жаралардың іріңдеуі және иммунитеттің төмендеуі сепсиске алып келеді. Бактериялармен иммундық жүйенің күресе алмауы терінің кез-келген зақымдануы іріңдеп кетуіне әкелуі мүмкін, ал ол сепсис қаупін арттыра түседі.

Тері астына инфекция түсіп оның іріңдеуі сияқты жағдайларға нашақорлар көңіл аударып дәрігерге көріне қоймайды, көп жағдайда сепсис ушығып, дене қызуы көтеріліп, әлсірегенде дәрігерге барғанымен кеш болып, емдеп жазу мүмкін болмай қалады.





Нашақорлардың басқа да жұқпалы аурулары. ВИЧ немесе гепатитті жұқтырғанда ағза кез-келген инфекцияға бейім болады. Әсіресе СПИД-тің асқынған сатыларында әр түрлі инфекциялық аурулар пайда болады:

1. Зеңдік инфекциялар - трахея, өңеш, бронх, т.б. кандидоздары, ВИЧ жұқтырғандарда ауыздарында ақтаңдақталып, жыныс мүшешерінде басталып, кейіннен тыныс алу жүйесін қамтиды.





2.Токсоплазмоз.Бұл ауру миды зақымдайтындықтан эпилепсия ұстамасы, парез,паралич,көрудің,сөйлеудің нашарлауы пайда болады.Есінен тануы және кома болуы мүмкін.

3.Туберкулез.Нашақорларда кәдімгі адамдарға қарағанда жиі кездеседі.Оларда активті өкпе туберкулезі көп,40%-ы басқа да органдарды қамтиды.

4.Герпес.Нашақор герпес вирусын жұқтырғанда бетінде,жыныс мүшелерінде ірі бөртпелер пайда болып,ауырсынып ұзақ жазылмайды.





5. Пневмоцистті пневмония. Қоздырғышы - өкпенің табиғи микрофлорасы, СПИД-пен ауыратындар ауыр пневмонияға ұшырайды. Қинала жөтеледі, дене қызуы көтеріледі, кеудесінде шаншу пайда болады, салмағын жоғалтады, емнің нәтиже беруі қиын.

6. Диссеминирленген бактериалды инфекция. Өкпеде және өкпеден тыс болуы мүмкін. Көптеген органдардың пневмококк немесе алтын түсті стафилококктармен зақымдалуы болады. Инфекция үдеп сепсиске ұласуы мүмкін.






7.Изоспороз.Қарапайымдылар жедел энтеритке, колитке әкелуі мүмкін. Дені сау адамдарда бұдан емделіп жазылып кетсе, ВИЧ жұқтырғандарда созылмалы болып аяғы өлімге әкеледі.


8.Рецидивті салмонеллез.Дені сау адамдарда бұл патология өздігінен айықса, ВИЧ жұқтырғандарда созылмалы түріне айналып жиі рецидив береді.



Ас қорыту ағзаларының аурулары:



Цирроз печени



**Неизменная
печень**




Патогенез алкогольной миокардиодистрофии





ПИВНОЕ СЕРДЦЕ

Карта 6-1: Распространенность ВИЧ-инфекции (%) среди ПИН в разрезе регионов, 2011 (РНПЦ МСПН)




Терінің іріңді инфекциялы аурулары:



Статистикалық мәліметтер:

потребляемых психоактивных веществ(NSPC MSPDA, 2012).

Диаграмма 6-8: Коморбидные заболевания по МКБ-10 среди пролеченных пациентов (%), 2011 (РНПЦ МСПН)



Последние исследования по распространенности другой коморбидной патологии среди

Қорытынды



Наша қорлық ауыр жағдайларға алып келіп адамның өмір сүру мүмкіншілігін азайтады. Есірткіден арылу көп жамандықтан, әсіресе ілеспелі аурулардың әсерінен ерте өлуден сақтайды.



Пайдаланылған әдебиеттер:

- ❖ www.medtop.kz
- ❖ www.Medcenter.kz
- ❖ www.medmarket.kz
- ❖ www.templatemonster.com
- ❖ Лекциялар жинағы
- ❖ „Возрастная наркология,„Москва 2002г
Егоров А.Ю
- ❖ „Подростковое наркология,„1991 Личко А.
Е Битенский И.С



Назар аударғаныңыздарға рахмет!



Түркістан 2017ж